

«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

Қатысқандар: 5

08.09.2022ж

Күн тәртібі:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы.
- 2.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
- 3.Мониторинг-2022 өзгешеліктерімен таныстыру.
- 4.Тіл мерекесіне арналған апталықтың ісөшаралары және «Арайла Алтын күз!»мерекесінің бағдарламасын бекіту.
- 5.Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту.

1.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шолу тексерудің қорытындысына тохталып өтті. Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту-қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру,жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық,психологиялық,әлеуметтік,эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020жылғы 27мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын,жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек,педагогтерге ойынға басымдық

беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді. Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын, толықтырулар қажет етеді. Аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтыру жүргізуді тапсырды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде тоқталып кетті: Балабақшаның алдына қойылған міндеттерінің бірі тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет. Осы екі мәселеге сүйенейік:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту. Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көп көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым- қатынас орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш- жігерін біріктіру, консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту, ата- аналармен жұмыста тренингтер, семинарлар, игі істер күндері, ата- аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата- аналар конференциясы, дәстүрлі емес қарым- қатынас нысандары түрінде өтетін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берді.

3.Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Сатбергенова Мониторинг-2022 өзгешеліктері мен таныстырып өтті. Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі. Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары қазан-желтоқсан, Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары ақпан-сәуір, Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары

Мониторингтің мақсаты:

-Баланың жетістіктерін қадағалау;

-балаларды тәрбиелеу мен дамыту жеке тәсілдерді қамтамасыз ету; - түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру; - баланың үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

4.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Арайлы алтын күз!» мерекелерінің бағдарламасын бекітті және тіл мерекесіне ересек топ бүлдіршіндерімен тілдік интеллектуалды сайыстар ұйымдастыруды тапсырды.

5.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева жаңа 2022-2023оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

Ересек «Ай-жұлдыз» тобы - 25 бала,4жасар балалар, тәрбиешісі
А.Сатбергенова

Кіші «Балапан» - 20 бала,2жасар балалар тәрбиешісі Г.Джилкибаева бекітілді.

Шешім:

1.Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу. Жауаптылар: Әдіскер А.Сатбергенова тәрбиешілер

2. Балаларды дамыту,тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата аналарды тарту мақсатында 20-қыркүйек күніне жалпы ата аналар жиналысын шақыру.
Жауапты:Әдіскер А.Сатбергенова

3.Балалардың жетістіктерін қадағалау, тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында кезеңдермен жүргізу Жауаптылар Әдіскер А.Сатбергенова тәрбиешілер.

«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 5

17.11.2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы.
3. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында ашық есік күнін өткізу
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде әдіскер сөз алды: Ересек «Ай-жұлдыз» тобының тәрбиешісі Акерке Сатбергенова ұйымдастыруымен «Тіл жүйрігі» топ бұлдіршіндерімен тілдік интеллектуалды сайыс ұйымдастырды. Сайысқа балалар белсене қатысты. «Арайлы алтын күз» мерекесінде зал безендірілді, көкөністер мен жемістерден көрме ұйымдастырылды. Бағдарламада әсем де, молшылық белгісі күз жыл мезгіліне сай әндер, билер, сахналық қойылымдар, флешмобтар болды.

Сөз сөйледі: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева топтарда Жыл мезгіліне арналған көрменің әдемілігін, тақырыбын, мазмұнының сапасын өте жақсы деп бағалап өтті.

2. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева топтарда «Жыл мезгіліне арналған бұрыштар сапасы» тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысына баға беріп өтті: Балаларды тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту мақсатында, өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп салдарлық байланыстарды ажырату мақсатында, еңбекке баулу мақсатында топтарда табиғат бұрышы бар. Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тынайтқыштың қажеттілігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шашын сүрту балаларға көп қуаныш сыйлайды. Ұсыныстар: бөлме гүлдерін көбейту, терезе алдындағы

көшеттер отырғызу пияз,қызылша,сарымсақ егу,бақылау жасау жұмыстарын бастау.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева балабақшада ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күніне орай ашық есік күнін өткізді, тақырыпқа сай топ тәрбиешілері ұйымдастырылған іс әрекеттерін, мерекелік концерттік бағдарламасын құрып көрме ұйымдастырды.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекітті.Педагогтерға жауапкершілікпен өткізу, балаларға жағдай жасау, қауіпсіздік туралы тапсырмалар берілді.

Шешім:

1. «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы»тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысында берілген ұсыныстар түзетілсін.
Жауапты: тәрбиешілер.
2. Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекесіне арналған іс шараларда қауіпсіздік ережесін сақтау. Жауаптылар: Барлық педагогтар.

Төрайымы  К. Нурходжаева

Хатшы:  А. Сатбергенова



Кезектен тыс меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

Қатықандар:7

26.12.2022жыл

Күн тәртібінде:

1.ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының балабақшада жаңа жыл мерекесіне өткізуге арналған нұсқаулығымен танысу,талқылау

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі өз сөзінде: Педагогтің мерекені ұйымдастыруды жоспарлауы мереке тақырыбын таңдаудан басталады. Ұсынылатын тақырыптар: «Кел,Жаңа жыл!», «Қысқы ертегі», «Құтты болсын жаңа жыл!» Осы кеңесте басқа да қызықты тақырыптарды қарастырып,бірлесіп таңдауға болатынын,мереке бағдарламасын жас топтарының тәрбиешілері қарастырады,сондай- ақ рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісуді,атрибуттарды,костюмдерді дайындау, безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беруді,залды,дәлізді, топты, шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді деп тапсырды

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері балалардың тез жалығатындығын ескере отырып,мереке желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән берілуі. Мереке бағдарламасынде балалар мерекені талықпай көріп, қоңіл көтеруге барлығы қатыса алатындай етіп құрылуы тиіс. Бала өзі қатысып билегенде,ойнағанда,ән айтқанда ғана көңілі қотеріледі.

Шешім:

1. Мереке балаларға қызықты,жалықпайтындай,қауіпсіз етіп ұйымдастырылсын.Жауаптылар:Әдіскер топ тәрбиешілері.

Төрайымы:  К. Нурходжаева

Хатшы:  А. Сатбергенова



«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 5

28.12.2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау
3. Бастапқы мониторинг нәтижесі.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева сөз алды: Қараша-желтоқсан айларында өткен «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында ашық есік күнінде тәрбиешілер жаңа технологиялық инновацияларды қолдана отырып, сонғы 2022 жылғы 14 қазанда бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының мақсат, міндеттеріне, мазмұнына сай ойын түрінде өткізген тәрбиешілерге алғысын білдірді.

Бағдарламаның жинақылығы, балаларды өнерге, ұлттық мәдениетке, патриоттық тәрбие берудегі еңбектері үшін педагогтарға алғыс білдірді.

Сонымен бірге ұжым Жаңа жыл ертеңгілігін талқылап, бағалап өтті. Жалпы жасыл шырша жанында ертегі, мультфильм кейіпкерлері, қызықты сәттер көп болды. Балалар қуанышты, көңілді болып, ойын, билерге ықласпен қатысып, Аяз атадан сыйлықтарын алып, мәре сәре- болып тарқады.

Тыңдалды: Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша әдіскері сөз алды: Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген. Мониторинг мақсаты:

-баланың жетістіктерін қадағалау;

-балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету.
Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту.

Балабақша бойынша Денсаулық сақтау дағдылары
Коммуникативті-тілдік дағдылар

Танымдық дағдылар:

Шығармашылық дағдылар:

Әлеуметтік дағдылары бойынша мониторинг жүргізілді.

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат- міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

Шешім:

- 1.Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелерін өткізу деңгейі жақсы деп бағалансын.
2. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат- міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргізілсін.

Төрайымы:  К. Нурходжаева.

Хатшы:  А. Сатбергенова



«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 7

06.02.2023ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Кіші жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы.
3. 1- Мамыр және 9-мамыр мерекесінің бағдарламасымен танысып,талқылап бекіту.
4. Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту,түзету іс-шаралары туралы.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева сөз алды: Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеру мақсатында баланың жеке даму картасындағы бастапқы түзету жұмыстары өз уақытында жүргізілді.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Сатбергенова Кіші жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы жедел бақылау қорытындысы: Жақсы да жаман да күшті әдеттер бала кезінен қалыптасатыны белгілі. Сондықтан баланы жастайынан сау дағдыларға тәрбиелеу,оларды дағдыға айналдыру үшін шөғырлантиру өте маңызды. Мәдени гигиеналық дағдылар мәдениеттің негізі, болашақта балалардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың қажетті шарты. Бақылау кезінде тәрбиеші Г.Джилкибаева жеке гигиена ережелерін орындады. Балалар гигиеналық дағдыларға жасына сай дағдыланған .Балалар тамақтан алдын және тамақтан кейін қол жуу керектігін біледі.әр бала өзінің бет сүртетін орамалын таниды. Кіші «Балапан тобында» балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуын тексеру барысында Балаларда бастапқы мәдени гигиеналық дағдылар қалыптасқан.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева 1мамыр, 9 мамыр мерекелерінің бағдарламасымен танысып,бағдарламаның мазмұнында бірлік, ынтымақ,бейбітшілік,достық ұғымдары бар.Мақсаттарың да дұрыс қойылған татулыққа, достыққа,елін,жерін сүйе білуге үйрету.

Басқа ұлт өкілдерімен достық қарым қатынаста болу керектігі де қамтылған. Достық, Отан, бақытты балалық шақ туралы тақпақтар, әндер дұрыс таңдалған. Қосатын ұсыныстар болса ортаға салуды айтты:

Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері А. Сатбергенова менің ұсынысым слайд арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру, экран арқылы қалаларда өткізіліп жатқан мерекелерден үзінділер көрсету.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Г. Джилкибаева балаларды бір сергітіп алу үшін қимылды ұлттық ойындарды қоссақ мысалы «Күш сынасу», «Тақия тастамақ». орыс халқының ойындарынан «Гуси, гуси» ойындары мен толықтыруды ұсынамын.

Тыңдалды: Аралық мониторинг бақылау нәтижелері бойынша әдіскер есеп берді. Балабақшамызда

Физикалық қасиеттерді дағдылантиру, Коммуникативтік- тілдік дағдылантиру, Танымдық және зияткерлік дағдылантиру, Шығармашылық дағдылантиру деңгей, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жұмыстары орташа деңгейде ұйымдастырылған.

Барлық топ тәрбиешілері баланың жеке даму картасындағы аралық бақылау ақпан айынан бастап жүргізіліп жатыр, әр балаға жеке қасиеттеріне байланысты дамыту, түзету іс-шаралары толтырылып жатыр.

Шешім:

1. Кіші «Балапан» тобында мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы орташа деп табылсын. Гигиеналық дағдыларды үнемі жетілдіріп отыру қажет
2. Мерекелік бағдарламаны ұсыныстарды есепке алып бағдарлама толықтырылсын. Бағдарлама 2023 жыл 03 наурызда бекітілсін.
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат міндетін игеру мақсатында жеке даму картасындағы дамыту, түзету іс-шаралары жалғасын тапсын.

Төрайымы  К. Нурходжаева

Хатшы  А. Сатбергенова

